# "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында ( Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 253 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 16 шілдедегі № 493 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 тамыздағы № 690 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 16.08.2023 № 690 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2021 – 2022, 2022 – 2023, 2023 – 2024 оқу жылдарына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 253 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары білімі бар мамандар даярлауға 2021 – 2022 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру және бөлу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *А. Мамин*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 16 шілдедегі
№ 493 қаулысына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2021 жылғы 20 сәуірдегі
№ 253 қаулысымен
бекітілген

## Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында жоғары білімі бар мамандар даярлауға 2021 – 2022 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

| **Білім беру саласының коды және сыныпталуы** | **Мемлекеттік білім беру тапсырысы** | **Оқу жылы/ жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге) / 1 студентті оқытуға жұмсалатын 1 (бір) кредиттің шығысы (теңге)** | |
|---|---|---|---|
| **ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары** | **басқа жоғары және ( немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары** | | |
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| 6В01 Педагогикалық ғылымдар | 9170 | 1010,9 /16 848 | 901,0 /15 017 |
| 6В02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар | 1615 | 1 049,3 /17 488 | 922,5 /15 375 |
| 6В03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат | 960 | 799,1 /13 318 | 714,9 /11 915 |
| 6В04 Бизнес, басқару және құқық | 1223 | 799,1 /13 318 | 714,9 /11 915 |
| 6В05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика | 5188 | 826,9 /13 781,7 | 742,7 /12 378 |
| 6 В 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | 7187 | 1004,7 /16 742 | 920,5 /15 342 |

| 1 | 2 | 3 | 4 |
| --- | --- | --- | --- |
| 6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары | 16105 | 1004,7 /16 742 | 920,5 /15 342 |
| 6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар | 1715 | 826,9 /13 782 | 742,7 /12 378 |
| 6В11 Қызмет көрсету | 2 200 | 799,1 /13 318 | 714,9 /11 915 |
| 6В09 Ветеринария | 875 | 1082,6 /18 043 | 955,8 /15 930 |
| "Мәңгілік ел жастары – индустрияға!" жобасы шеңберінде студенттерді оқытуға, оның ішінде: | 5656 | | |
| 6В01 Педагогикалық ғылымдар | 2153 | 1010,9 /16 848 | 901,0 /15 017 |
| 6 В 0 6 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар | 1300 | 1004,7 /16 742 | 920,5 /15 342 |
| 6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары | 1873 | 1004,7 /16 742 | 920,5 /15 342 |
| 6В08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар | 330 | 826,9 /13 782 | 742,7 /12 378 |
| Халықаралық келісімдер бойынша шетел азаматтарын, Моңғолия, Түркия Республикасының, түркітілдес басқа да республикалардың азаматтарын оқытуға | 365 | 920,3 /15 339 | 825 /13 751 |
| М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандағы филиалында студенттерді оқытуға | 125 | | 1706,4 |
| Мәскеу авиация институтының "Восход" филиалында студенттерді оқытуға | 45 | | 874,9 |
| "Назарбаев Университеті" ДБҰ студенттерді, оның ішінде шетелдік азаматтарды оқытуға | 1192 | | 7747,2 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жоғары оқу орындары даярлық бөлімдерінің тыңдаушыларын оқытуға | 1750 | | 344,8 |
| "Назарбаев Университеті " ДБҰ даярлық бөлімінде тыңдаушыларды оқытуға | 600 | | 6570,1 |
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Резерв | 100 | 920,3<br>/15 339 | 825<br>/13 751 |
| Шетел азаматтарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын ұлты қазақ тұлғаларға арналған стипендиялық бағдарлама | 490 | 635,8/10597 | 635,8/10597 |
| Барлығы | 56561 | | |

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі: Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

| **Білім беру саласының коды және сыныпталуы** | **Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы** | **Күндізгі оқуға мемлекеттік білім беру тапсырысы** | **Жылына 1 курсантты оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)** |
|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды академиясы | | | |
| 6B12 Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс | 6B123 Қоғамдық қауіпсіздік | 250 | 1687,0 |
| | Барлығы | 250 | |

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі: Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

| **Білім беру саласының коды және сыныпталуы** | **Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы** | **Күндізгі оқуға мемлекеттік білім беру тапсырысы** | **Жылына 1 курсантты оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)** |
|---|---|---|---|
| **Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы** | | | |
| 6B12 Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс | 6B121 Әскери іс | 15 | 2210,2 |
| | 6B123 Қоғамдық қауіпсіздік | 118 | 2210,2 |
| | 6B123 Қоғамдық қауіпсіздік (Қырғыз Республикасының азаматтарын оқытуға) | 10 | 1959,6 |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | 6В123 Қоғамдық қауіпсіздік (Тәжікстан Республикасының азаматтарын оқытуға) | 5 | 1959,6 |
| | Барлығы | 148 | |

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі: Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі

| **Білім беру саласының коды және сыныпталуы** | **Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы** | **Күндізгі оқуға мемлекеттік білім беру тапсырысы** | **Жылына 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)** |
|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** |
| Өнер саласындағы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары | | 890 | х |
| Халықаралық туризм және меймандостық университеті | | | |
| 6В01 Педагогикалық ғылымдар | 6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау | 100 | 714,9 |
| 6В11 Қызмет көрсету | 6В111 Қызмет көрсету саласы | 700 | 714,9 |
| | Барлығы | 800 | |
| | Жиыны | 1690 | |

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі: Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

| **Білім беру саласының коды және сыныпталуы** | **Даярлау бағыттарының коды және сыныпталуы** | **Мемлекеттік білім беру тапсырысы** | **Оқу жылында 1 студентті оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар (мың теңге)** | |
|---|---|---|---|---|
| **ерекше мәртебесі бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары** | **басқа жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары** | | | |
| 6В10 – Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (медицина) | 6В101 Денсаулық сақтау | 2700 (оның ішінде клиникалық емес мамандықтар бойынша - 200) | 1188,0 | 1001,0 |
| Барлығы | | 2700 | | |
| Оның ішінде халықаралық келісімдер бойынша шетел азаматтарын оқытуға | | 20 | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК